

Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензияларды қайтарып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 тамыз N 922

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мына жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар қайтарып алынсын:

1) Павлодар облысының Екібастұз қаласында Екібастұз тас көмір кен орнын өңдеуге "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының Үкіметі берген 1995 жылғы 7 қыркүйектегі сериясы МГ N 571 л и ц е н з и я ;

2) Павлодар облысы Екібастұз ауданының шегінде Екібастұз тас көмір

кен орнының 1, 2, 3, 4, 9, 10-учаскелерінде көмір өндіруге "Біртұтас электроэнергетикалық кешен" корпорациясының "Энергокөмір" жабық акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының Үкіметі берген 1997 жылғы 29 шілдедегі сериясы МГ N 1334 лицензия.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.